

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теніз ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 25 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23537 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теніз ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 қазандағы № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теніз ауылдық округі әкімінің 20.10.2021 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2021 жылғы 20 мамыр күнгі № 12-11/126 санды № 5 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Жеке кәсіпкер Б. Муханбетжановтың мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты, Құмарғали ауылы Майдангер көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Атырау облысы Құрманғазы ауданы Теніз ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Құрманғазы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК